11 «А» сынып	20	18
11 «Б» сынып	20	17
11 «В» сынып	20	17
Барлығы 11 сыныптарда		52
Барлығы 10-11 сыныптарда		88

Барлығы: 212 оқушы 12 сынып-жиынтық.

2021-2024 оқу жылындағы білім алушылар қозғалысы бойынша мәлімет

Кесте: Оқу кезеңінің басы және соңындағы оқушы саны

Сыныптар	2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы		
	Басы	Соңы	+/-	Басы	Соңы	+/-	Басы	Соңы	+/-
7-сынып	40	40	0	27	29	+2	43	41	-2
8-сынып	35	33	-2	42	41	-1	39	34	-5
9-сынып	50	50	0	38	36	-2	42	42	0
7-9	125	123	-2	107	106	+2/-3	124	117	-7
10-сынып	45	44	-1	51	51	0	36	37	+1
11-сынып	30	30	0	44	43	-1	52	50	-2
10-11	75	74	-1	95	94	-1	88	87	+1/-2
Барлығы	200	197	-3	202	200	+2/-4	212	204	+1/-9

«Күнделік» электронды журналындағы оқушылардың ауысулары бойынша жинақ есебінің көшірмесі.

Кесте: 2023-2024 оқу жылы көрсеткіші

- Ұйым карточкасы - Тізімдер - Оқушылар - Қызметкерлер - Оқушылардың қозғалысы Ақпар - Кеткендер - Үлгерімі - Ұйым - Группы - Оқушылар - Тәлімгерге - Пән бойынша мұғалімге - Топтың үлгерімі - пән бойынша - БЖБ және ТЖБ талдауы - Сабаққа қатысу - Жиынтық тізімдемесі - Топтар - Оқушылар - Тәлімгерге - Мұғалімге - Орташа балл	Оқу жылы: 2022/2023 2023/2024 Уақыт аралығы: бастап 01.08.2023 дейін 25.05.2024 Қолдану			
	01.08.2023 және 25.05.2024 аралығындағы кезең бойынша			
	Курс	Кезеңнің басы	Келгендер	Шыққандар
	1	0	215	12
	7 А	0	17	3
	7 Б	0	16	1
	7 В	0	16	2
	8 А	0	18	0
	8 Б	0	20	1
	9 А	0	21	0
	9 Б	0	21	0
	10 А	0	17	0
	10 Б	0	22	2
	11 А	0	18	2
	11 Б	0	17	0
	11 В	0	17	1
	Барлығы	0	215	12
				203

7 сыныпты қалыптастыру:

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған № 3 облыстық мамандандырылған мектеп – интернатына қабылдау 7 сыныптан бастап жүргізіледі. Мамандандырылған білім беру ұйымына қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларының 45-тармағына сәйкес, 8-10 сыныптарда бос орын болғанда кезде мектеп- интернаты конкурстық іріктеуді өз бетінше өткізеді.

15. Мамандандырылған білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау конкурстық негізде (бұдан әрі-конкурс)жүргізіледі.

Мамандандырылған білім беру ұйымы өзінің интернет-ресурсында конкурстық іріктеу жүргізу кезінде сынып-жиынтықтарды қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін квотаны орналастырады.

16. Мамандандырылған білім беру ұйымына түсетін баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілінен конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 15 сәуіріне дейін жүргізіледі, қосымша мерзімдерді Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органы белгілейді.

17. Мамандандырылған білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен құжаттарды қабылдау үшін жауапты тұлға тағайындалады. Жауапты тұлға конкурсқа қатысуға үміткерлердің электрондық базасын (мамандандырылған Білім беру ұйымының атауы, ТАӨ, ЖСН, сынып, оқыту тілі, электрондық мекенжайы, дипломдардың көшірмелері (бар болса)) құруға жауапты болады

18. Конкурсқа қатысу үшін баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі белгіленген мерзімде мамандандырылған Білім беру ұйымының интернет-ресурсында тіркеуден өтеді немесе мамандандырылған білім беру ұйымының жауапты тұлғасына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілінен өтініш;
- 2) ЖСН көрсетілген баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- 3) үміткердің электрондық мекенжайын көрсете отырып, ұйымның мөрімен расталған фотосуреті бар оқу орнынан баланың анықтамасы;
- 4) 3х4 мөлшеріндегі 2 дана баланың фотосуреті;
- 5) халықтың әлеуметтік осал санаттарына жататынын растайтын құжаттардың көшірмелері.

Ақпараттық жүйе болған кезде осы тармақта көрсетілген құжаттар электрондық форматта ұсынылады. Ақпараттық жүйе болмаған жағдайда сканерленген құжаттар электрондық

мекенжайға жіберіледі немесе мамандандырылған білім беру ұйымының кеңсесіне қағаз форматта ұсынылады.

18-1. Қабылданатындардың жалпы санынан білім алушылардың 15% - ы іріктелетін халықтың әлеуметтік осал санаттарына келесі тізімдегілер жатады:

ауылдық жерлерден мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балалар;

ата-аналарының бірінің бірінші топтағы мүгедектігі бар балалар;

мүгедектігі бар баласы бар немесе тәрбиелеп отырған отбасыларға;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балалар;

Төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан балалар;

экологиялық апаттар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған отбасыларға;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті атқару кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасыларына.

19. Құжаттарды қабылдаудан бас тарту үшін конкурсқа қатысу туралы өтінішті белгіленген мерзімнен кейін беру немесе құжаттардың толық емес пакеті негіз бола алады.

20. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде әрбір мамандандырылған Білім беру ұйымының жауапты тұлғасы тест материалдарын әзірлеу үшін "Дарын" орталығына конкурсқа қатысу үшін білім алушылардың электрондық базасын береді.

21. "Дарын" орталығы басшысының бұйрығымен үміткерлердің электрондық базаларымен жұмыс істеу үшін жауапты тұлға айқындалады.

22. Оқуға қабылдау үшін конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін "Дарын" орталығы Конкурстық комиссия құрады.

23. Конкурстық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның төрағасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің аумақтық органдарының, "Дарын" орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің, арнайы мониторингтік топтардың, білім беру саласындағы қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

24. Конкурстық комиссияның төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан таңдалады. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды, бірақ кемінде жеті адамды құрауы тиіс.

25. Мамандандырылған білім беру ұйымы квоталарды бекітеді:

1) "Мың бала" ауылдық мектептерінің Ұлттық зияткерлік олимпиадасының жеңімпаздары үшін 7-сыныпқа қабылданатын білім алушылардың жалпы санының 10% мөлшерінде;

2) осы Қағидалардың 18-1) тармағында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал санаттары үшін 5, 6, 7, 8 және 10-сыныптарға қабылданатын білім алушылардың жалпы санының 15% мөлшерінде.

25-1. Осы Қағидаларға 25-тармақта көрсетілген, 5, 6, 7, 8 және 10-сыныптарда қабылданатын білім алушылар жергілікті атқарушы/өкілді органдардың және/немесе меншіктің барлық нысандарындағы білім беру ұйымын басқару органының шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен тамақпен қамтамасыз етіледі.

25-2. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін конкурстық комиссия ұсынылған құжаттардың іріктеу критерийлеріне сәйкестігін тексереді және растайтын құжаттардың түпнұсқаларын сұратады.

26. Мамандандырылған білім беру ұйымдарына іріктеу жүргізу үшін конкурстық материалдарды "Дарын" орталығының оқу-әдістемелік кеңесі әзірлейді және бекітеді.

27. Байқау 15 мамыр мен 15 маусым аралығында, апта сайын сенбі мен жексенбіде өткізіледі. Конкурсты өткізудің қосымша мерзімдерін Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органы келесі оқу жылы басталғанға дейін белгілейді.

28. Конкурстық іріктеуді өткізу кестесі мамандандырылған білім беру ұйымдары мен "Дарын" орталығының интернет-ресурстарында конкурс басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын орналастырылады.

29. Конкурс офлайн режимінде (тестілеу түрінде) өтеді. Оператор конкурсты электрондық форматта өткізуді мамандандырылған білім беру ұйымдарымен келіседі.

30. Конкурсты өткізуге арналған тест материалдарын "Дарын" орталығының қызметкерлері конкурс басталардан бір күн бұрын қағаз нұсқада (пломбаланған) мамандандырылған білім беру ұйымдарына жеткізеді.

31. Конкурс әр өңірде жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша "Дарын" орталығы алдын ала айқындайтын мамандандырылған білім беру ұйымының базасында өтеді. Конкурс және қорытындылау әрбір мамандандырылған Білім беру ұйымы бөлінісінде мамандандырылған Білім беру ұйымына оқуға түсуге үміткерлер арасында өткізіледі.

32. Мамандандырылған білім беру ұйымында білім алушыларды қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін ғимаратқа, аудиторияға және конкурстық іріктеу өткізілетін орынға іске қосу үшін пайдаланылатын бейнебақылау және аудиозапись жүйелері белгіленеді. Мамандандырылған білім беру ұйымы конкурс өткізу үшін техникалық жабдықтармен жарақтандырылады.

33. Оқуға түсушілер үшін тестілеу:

1) 7 сынып пәндер бойынша 75 сұрақтан тұрады:

математика және логика – 55 сұрақ;

оқу сауаттылығы – 10 сұрақ;

Қазақстан тарихы – 10 сұрақ.

34. 7 – сыныпта тестілеуге бөлінген уақыт 120 минутты құрайды (көрсетілген уақытта тест материалдарын таратуға, жауап парағының секторларын толтыруға, сондай-ақ түсіндіру жұмыстарына арналған уақыт кірмейді).

35. Тесттің қорытынды нәтижелерін есептеу кезінде дұрыс жауаптар саны "4" (төрт) коэффициентіне көбейтіледі, ал бір қате жауап "-1" коэффициентіне көбейтіледі. Осылайша, жалпы қорытынды есептеледі ($4 * \text{дұрыс жауаптар} + (-1) * \text{қате жауап} = \text{жалпы қорытынды балл}$).

36. Нәтижелерді өңдеуді Конкурстық комиссия жауап парақтарын сканерлеу арқылы жүргізеді, нәтижелерді алу "Дарын" орталығының бірыңғай тексеру жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Сауалнама кітабы қарастырылмайды.

37. Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша Апелляция өткізілмейді.

38. "Дарын" орталығы, облыстық, Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары білім басқармалары өткізетін Республикалық олимпиадаларға қатысу туралы дипломның облыстық

кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері жинаған балдарының саны бірдей болған кезде мамандандырылған білім беру ұйымына қабылдау кезінде артықшылыққа ие болады.

40. Мамандандырылған Білім беру ұйымына оқуға үміткерлерді, оның ішінде осы Қағидалардың 25-тармағының 2) тармақшасында көрсетілгендерді қабылдау мамандандырылған білім беру ұйымдары бөлінісінде бос орындарға сәйкес ең жоғары балл санынан жүзеге асырылады.

41. Үміткерлерді конкурстық іріктеу қорытындылары конкурстық комиссияның хаттамасымен ресімделеді және конкурстық іріктеу өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей "Дарын" орталығы мен мамандандырылған білім беру ұйымының интернет-ресурстарында орналастырылады.

42. Конкурс қорытындысы бойынша мамандандырылған білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін конкурстық іріктеуден өткен үміткерлерді мамандандырылған білім беру ұйымына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

43. Конкурстық комиссия негізгі бос орындарға кірмеген конкурсқа үміткерлер қатарынан алынған үміткерлердің резервтік тізімін кему тәртібімен жинаған балдар сомасы бойынша қалыптастырады және мамандандырылған білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырады.

44. Резервтік тізімге қабылданған үміткерлер Бос орындар болған жағдайда оқу жылы ішінде мамандандырылған білім беру ұйымдарына қабылдануы мүмкін. Бос орындардың болуы мамандандырылған білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады.

1.1-Кесте: Мектеп- интернатына қабылдау бойынша

Оқу жылына	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Құжат тапсырған оқушы саны	65	65	81
Емтиханға қатысқан оқушы саны	54	55	71
Қабылданған оқушы саны	35	36	54
«Мың бала» олимпиада жеңімпазы	1	2	6
Осал топ	1	-	4
Резерв бойынша қабылданған	4	2	10

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША

1.18-1 тармағы «Қабылданатын білім алушылардың жалпы санынан 15% мөлшерінде іріктелетін халықтың әлеуметтік осал топтары» санатына тіркелген - **4 оқушы.**

2. 25-1 тармағы « Мамандандырылған білім беру ұйымы: "Мың бала" ауыл мектептерінің ұлттық зияткерлік олимпиада жеңімпаздары үшін 7-сыныпқа қабылданатын білім алушылардың жалпы санынан 10% мөлшерінде» берілетін квота саны- **6.**

3.2024-2025 оқу жылына берілген квота саны -**54**

4.2024-2025 оқу жылына қабылдау конкурсына тіркелген оқушы саны – **81**

5. Емтиханға қатысқан үміткер саны- **71**

6. Іріктеу емтиханында жоғары нәтиже көрсеткен №1-№50 реттік саны тізімінде тұрған оқушы саны -50

2024-2025 оқу жылына «Мамандандырылған білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау» конкурстық қорытындысымен реттік саны №1-№50 оқушыларды, халықтың әлеуметтік осал топтары» санатына бойынша өткен 4 оқушыны, "Мың бала" ауыл мектептерінің ұлттық зияткерлік олимпиада жеңімпаздарынан» тіркелген 6 оқушыны және резервтік тізім №51-№60 оқушыларды мектеп тізіміне енгізілді.

4. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

4.1.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

4.1.1.Жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестесінің үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі

Жұмыс оқу жоспары мен осы жоспар негізінде жасалған сабақ кестелерінің негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі аталған құжаттарды зерделеу арқылы анықталды.

А) Оқу жоспары

Мектеп- интернатының жұмыс оқу жоспары, «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығы басшысымен және Ақмола облысы білім басқармасымен келісіледі. Оқу жоспары 7-9-сыныптардан құралған негізгі және 10-11-сыныптардан құралған жоғарғы сатыны қамтиды. Оқу жоспарының құрылымы инварианттық компоненттен және мамандандырылған білім беру ұйымдарына саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту үшін берілген вариативтік компоненттен тұрады.

2023-2024 оқу жылы бойынша:

Мектеп- интернатының жұмыс оқу жоспары, «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығы басшысымен және Ақмола облысы білім басқармасымен келісілді. Сілтеме: [Оқу жоспарының көшірмесі](#)

7 «А», 8 «А», 9 «А», 10 «А», 11 «А» сыныптарында «Абай мектептері» желісіне арналған

№ 95, 96– қосымшалары негізінде;

7 «Б», 7«В», 8 «Б», 9 «Б», 10 «Б», 11«Б», 11«В» сыныптарында мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған № 63,67 қосымшалары негізінде әзірленді.

Жұмыс оқу жоспарының құрылымында мектептегі білім берудің негізгі өзегін көрсететін инвариантты оқу бөлімі және оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес жеке тұлғаны дамытуға бағытталған вариативтік компоненттегі таңдау бойынша

пәндер,элективті курстар,жаһандық құзыреттер курсын,жеке және топтық курстарды мектеп бағдарламасының бөлігі ретінде пайдалануға база назар аударылды.

Негізгі саты (7-9 сыныптар)

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. [№ 365](#); 30.09.2022 ж. [№412](#) бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және толықтырулармен) бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының [63,95](#) - қосымшасының негізінде жасалған

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. ;

Мектеп- интернаты дарынды балалардың жаратылыстану-матемаикалық бағыттағы пәндерді шетел тілі (ағылшын тілі) тереңірек меңгеруді көздейді. Химия пәні мұғалімі ағылшын тілін С₁ деңгей, физика, информатика пәні мұғалімдері ағылшын тілін В₁, В₂ деңгейде жоғары оқу орнын меңгеріп аяқтаған.

7 «А», 7 «Б», 7 «В» сыныптарына вариативтік компонент есебінен физика,химия,информатика таңдау пәндерін ағылшын тілінде оқытылады. Вариативтік компоненттен берілген физика,химия,информатика таңдау пәндерін меңгерілуі 50% құрайды. Аптасына – 5 сағат.

-Learning basic physics (физика) -3сағат; Сілтеме ([курс бағдарламасы](#))

-Introduction to Chemistry (химия)-3 сағат; Сілтеме ([курс бағдарламасы](#))

-Introductgion to Computer Science (информатика)-2сағат.Сілтеме ([курс бағдарламасы](#))

- 7-9 сыныптарда, «Жеке және топтық жұмыс» сағаттарынан Ұлы Абай шығармашылық мұрасын оқушы бойына сіңіру мақсатында аптасына «Абайтану» 1 сағаттан оқытылады.

7 «А», 8«А», 9 «А» сыныптарында «Алгебра», «Биология» «Информатика» таңдау пәндері сағаттары оқу жоспардың инварианттық бөліміндегі пәндерді тереңдетіліп оқытылуға берілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы [№ 385](#) бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 5-қосымша 2-тарауының 15-пунктіне сәйкес, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 ставка бөлінген.

«Робототехника» үйірмесінің мақсаты: құрал-жабдықтар көмегімен пайдалы дағдылар мен ғылыми-техникалық бағыттағы креативті шығармашылық ойлауды, сонымен қатар стандартты емес шешімдерді табу үшін ынталандыру және мотивациялық потенциалды жеке тұлғаны қалыптастыру. Жетекшісі информатика пәні мұғалімі Шарипов А.Б.

"Медиа алаң" үйірмесінің мақсаты: жазуға икемі бар, болашақта кәсібін журналистикамен байланыстырғысы келетін жастарға бұқаралық ақпарат құралдарындағы жұмыс, міндет мақсаттар туралы үйрету және практикада көрсету. **Жетекшісі: Кайржанова М.Н.**

«Домбыра сазы» үйірмесінің мақсаты: домбыра аспабын ұлттық тәрбие құралы ретінде кеңінен қолдана отырып, аспапқа деген қызығушылығын арттырып, оқушыларды домбырада ойнауға үйрету. **Жетекшісі: Жәдігерұлы Ж**

«Ұлттық қолөнер» үйірмесінің мақсаты: оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту. **Жетекшісі: Шаяхметова С.С.**

«Қылқалам» үйірмесінің мақсаты: оқушылардың бойында бейнелеу өнерінің саласы және көркем-шығармашылық іс-әрекеттер барысында жеке тұлға қасиетін дамыту. **Жетекшісі: Шаяхметова С.С.**

«Балауса» би үйірмесінің мақсаты: оқушылардың дене бітімін шынықтырып, күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу қабілетін қалыптастыру. Өзін - өзі ұстай білуге тәрбиелеу.

«Көшбасшылар мектебі» үйірмесінің мақсаты: оқушылардың елжандылыққа және азаматтық жауапкершілікке, жоғары адамгершілік құндылықтарға, олардың біліктілік қабілеттерін, денсаулық сақтау ортасын, отбасы мен әлеуметтік тұрғыда өзінше ойлай білетін жан-жақты дамыған интеллектуалды күзінретті тұлғаны қалыптастыру. **Жетекшісі : Кайржанова М.Н.**

«Ұшқыр ой алаңы» үйірмесінің мақсаты: оқушылардың коммуникативті-бағытталған әрекеттерін ұйымдастыру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға бағытталған «Дебат» технологиясын оқып-үйрену. **Жетекшісі: Темірбек И.**

7-сыныптарда :

1. Театр және көркем – 2 сағат;
2. Домбыра сазы – 3 сағат;

- 3.Би үйірмесі- 2 сағат;
- 4.Робототехника- 2 сағат;
- 5.Қылқалам-1 сағат;
- 6.Ұлттық қолөнер- 1 сағат;
- 7.Жас медиаторлар-1 сағат;

8-сыныптарда:

- 1.Театр және көркем – 1 сағат;
- 2.Домбыра сазы – 1 сағат;
- 3.Би үйірмесі- 2 сағат;
- 4.Робототехника- 1 сағат;
- 5.Қылқалам-1 сағат;
- 6.Медиа алаң- 1 сағат;
- 7.Көшбасшылық мектебі-1 сағат.

9-сыныптарда:

- 1.Театр және көркем-1 сағат
- 2. Домбыра сазы - 1 сағат
- 3. Робототехника -1 сағат
- 4.Қылқалам -1 сағат
- 5. Ұлттық қолөнер - 1 сағат
- 6.Жас медиаторлар – 1 сағат
- 7.Көшбасшылық мектебі -1 сағат

-7-8-сыныптарда «Жол жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі де, тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылады. әр сыныпта 10 сағаттан өткізіледі.

-«Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» кіріктірілген оқу бағдарламасы міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс. Осыған байланысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсы оқыту:

-7-9-сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында 15 сағат;

10-11сыныптарында:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. [№ 365](#); 30.09.2022 ж. [№412](#) бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және [67,96](#) -қосымшалар;

Оқу жоспарының вариативтік компонентінен:бөлімінде «Таңдау пәндері», «Элективті курстар» және «Жеке және топтық жұмыс» қарастырылған. Оқу жоспарының «Таңдау пәндері» сағаттары жоспардың инварианттық бөліміндегі білім беретін пәндерді оқытуға пайдаланылды. «Элективті курстар», «Жеке және топтық жұмыс» сағаттары білім беруде жеке тұлғаға бағытталған оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың түрлері мен тәсілдерін жүзеге асыруға қолданылды.

10-сыныпта:

- Биологияның бөлімдерін жан-жақты түсінуге, бағдарламаны толық меңгеруге, кәсіби мамандық таңдауда бағдар беруде «Жалпы биология» курсына 1сағат;
- Оқушылардың ғылыми зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында «Туризм географиясы» элективті курсына 1 сағат;
- Ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын, өз ойларын еркін жеткізуде « Advance your English» курсына 1 сағат ;
- Ұлы Абай шығармашылық мұрасын оқушы бойына сіңіру мақсатында «Абайтану» курсы 1 сағаттан оқытылады.

Эссе жазу дағдыларын дамытуда «Эссе жазудың теориясы мен тәжірибесі» курсына 1 сағат;

Информатика сабағынан оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру,сандық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында « Python» бағдарламасында есептер шығару 1 сағат;

«Алгебра және анализ бастамалары» 1 сағат;

11-сыныпта,ҰБТ-да белгіленген бейіндік пәндер бойынша білімдерін тереңдету үшін математика , информатика,»Қазақстан тарихы» пәндері бойынша таңдау курстары;

Жеке көзқарасының көрінісі, сауаттылық,ойлау қабілеттері мен *ойы еркін түрде* жеткізуге қалыптастыру,академиялық жазылым талаптарына бағыттауда « Эссе жазудың теориясы мен

тәжірибесі» курсы -2 сағаттан;

- Қазақстан тарихы пәні бағдарламасын жан-жақты, тереңірек меңгеруде «Қазақстан тарихының маңызды аспектілері» курсына -1 сағаттан ;

- «Математикалық сауаттылық» бағдарламасы функционалдық сауаттылық және сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда – 2сағаттан;

- Ағзалардың құрылысы мен құрылысын зерттеу, практикада қолдануда « Молекулалық биология және биохимия» курсына -1 сағаттан берілді

- Информатика сабағынан оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру,сандық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында « Python» бағдарламасында есептер шығару 1 сағат.

- 10-11сыныптарға «Абайтану» курсы енгізілді.

- 10-11-сыныптарда вариативтік компонент сағатынан «Жаһандық құзыреттіліктер» курсын оқуға бөлінеді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» кіріктірілген оқу бағдарламасы міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс.

Осыған байланысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсын оқыту:

– 10-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағат жүзеге асырылады.

11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағат жүзеге асырылады.

Оқушылардың таңдауы ескеріле отырып, тереңдетілген деңгей пәндері ретінде биология, информатика, алгебра, ағылшын тілі пәндерін оқытуда әр сыныпқа – 4 сағаттан берілді.

«Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар» үйірмелер сағаттары «Театр және көркем», «Домбыра сазы», «Робототехника», «Ұлттық қолөнер», «Ұшқыр ой алаңы», «Көшбасшылық мектебі»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы [№ 385](#) бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 5-қосымша 2-тарауының 15-пунктіне сәйкес,

шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге жылына 1496 сағат бөлінеді.

[Сабақ кестесі](#)

Бекітіліп, келісілген оқу жоспарының негізінде сабақ кестесі әзірленеді. Сабақ кестесін жасауда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы [№ 76](#) бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" қағидасында көрсетілген

«Оқыту және өндірістік практика жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (5-тарау) басшылыққа алынады. Осы қағидаға сай сабақтың ұзақтығы 45 минут. Сабақ кестесін жасаған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескеріледі және осы санитариялық қағидада берілген 4-қосымшаға сәйкес қиындығы бойынша пәндерді саралау кестесі пайдаланылады. Сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілісті көздейді.

2023-2024 оқу жылы бойынша:

Сабақ кестесі мектеп-интернаты директоры А.Н.Курмашевамен бекітіліп, ата-аналар комитетінің төрайымы А.Оралова және кәсіподақ ұйымының төрайымы Б.Торсуновамен келісілген. (Сілтеме: [Сабақ кестесінің көшірмесі](#)) Кестеге сәйкес негізгі оқу пәндерін оқыту 8.30-да басталады. Негізгі оқу пәндерін түске дейінгі уақытта қамту мақсатымен сабақтар арасындағы үзіліс 5 минуттан, 2-сабақтан кейін жеңілас үшін 20 минуттық үзіліс және 6-сабақтан кейін түскі ас үшін 30 минуттық үзіліс қарастырылған. Негізгі оқу пәндерінің басым бөлігі 6 сабақ көлемінде өткізіледі, түстен кейін қиындығы бойынша саралау кестесінде қарастырылған пәндер (жеңіліне қарай), сонымен бірге вариативтік компонентте берілген оқу сабақтары қойылған. Вариативті бөліктегі оқу пәндеріне бөлек сабақ кестесі жасалынған.

5. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру туралы

5.1. Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жоспары негізінде атқарған жұмыстарының есебі

Тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыттарына және жобалар бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылып, төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбие» білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастырады. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие бағыты бойынша Білім күніне арналған алғашқы сабақ «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында өткізілді. ҚР Президентінің 2021ж. 1-қыркүйек «Халық бірлігі

және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы бойынша барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында Оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру; олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру мақсатында С. Жүнісовтың өнегелі ғұмыры» және «Адалдық пен әділдікті ту еткен Мәлік Ғабдуллин» тақырыбында Адалдық сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаты барысында оқушыларға Ақмола облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті ұсынған бейнежазбалары көрсетілді. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша «Бала құқығы-адам құқығы» айлығы жоспарына сәйкес төмендегі іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектеп психологы Какимжанова Д.Ш. құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында сауалнама, сынып жетекшілер тәрбие сағаттарында «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында Балалардың құқықтарын және Бала құқықтары туралы Конвенцияның баптарын түсіндіру бойынша бейнероликтер көрсетті. Тәрбиешілер Г.А.Кудулова, Б.Ж.Маханбетова, Б.Ш.Қасымбекова «Өз құқығыңды білесің бе?», Г.С. Сембаева, А.К. Досжанова «Құқықтық турнир», Г.А. Кудулова, Б.Ж.Маханбетова «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», К.А. Атетова «Қоғамдағы буллинг мәселелері» тәрбие сағаты, «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тренингі, «Әр баланың құқығы бар» сурет, эссе байқауы, Мектеп парламенті «Балалар мүддесі үшін»–Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы жетістіктері дебат, 7-9 сынып тәрбиешілері «Мен өз құқығымды білуге тиіспін» сахналық қойылымдар және «Бақытты ана – бақытты бала – бақытты отбасы - бақытты ел» 7-сынып ата-аналарының жиналысы өткізілді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспары бойынша өткізілді. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында тәрбие сағаттары, кітапханашы Жунусбекова А.Ш. «Біз оқитын 30 кітап» кітап көрмесі, Зейнулаева Ж.Б. Хасенова А.С. «Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз» интеллектуалдық танымдық ойыны, Кудулова Г.А.Тәуелсіз-елім Қазақстан» атты Тәуелсіздік күніне арналған викториналық ойын, Қасымбекова Б.Ш. «Ұлы дала Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлері» тақырыбында саяхат-ойын, сынып жетекшілер «Теңге – Тәуелсіздік келбеті», «Ұлттық валютамыз –тәуелсіздігіміздің көрсеткіші», «Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш ЕЛБАСЫ» сынып сағаттарын, Жунусбекова А.Ш. «Тәуелсіздік–азаттығым бақ күнім! зияткерлік ойын, «Қылқалам» үйірмесі және 7-11 сыныптары «Жаса, жайна Тәуелсіз Қазақстан» көрме, Шокаев А.Е. 9-10 сынып оқушылары арасында «Отан қорғаушы» әскери-қолданбалы жарыстар, А.Шайхан, А.Мұратұлы «Спорттық эстафеталық ойындар», баскетбол, тоғызқұмалақ, асық ату, үстел теннисінен жарыстар ұйымдастырды. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік салтанатты жиын, 7-сынып оқушыларын «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдауы өткізілді. «Домбыра сазы», «Театр және көркем сөз», «Балауса» би тобы, «Вокал» үйірмелері мерекелік концерт дайындады.

Рухани-адамгершілік тәрбие–адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастырады. Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында «Бір үйдің баласындай» 7-сынып оқушыларын қабылдау кеші, «Қарттарымызды қошеметтейміз!» құттықтаулар, «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!» мерекелік кеш, «Адамзаттың ұлы ұстаздары» «Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл», Қасым

Аманжоловтың 110 жылдығына орай, Халықаралық қыздар күніне арналған және «Жалпыадамзаттық құндылықтар» күніне орай іс-шаралар ұйымдастырылды. 9б сыныбы, сынып жетекшісі А.Д.Ахат. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері, Жазушылар Одағының басқарма төрағасы, Ұлықбек Есдәулет, филология ғылымдарының докторы, профессор, журналист, публицист, ақын, аудармашы Жақып Бауыржан Өміржанұлы және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы Дәулеткерей Кәпұлымен өткен «Поэзия пырақтары» атты кездесуге қатысты. Ж.Оңғарбайқызы, М.Б. Муратов «Ыбырай Алтынсарин-Ұлы даланың дара ұстазы» дөңгелек үстел өткізді.

Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылында гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы арқылы іске асырылды. Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында «Қазақстанның 100 жаңа тұлғалары» жобасының жеңімпаздары туралы зерттеу жұмыстары, тәрбие сағаттары өткізілді. Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай «Өзге емес, өзім айтамын» атты оқырман сағаты. А.Ш. Жунусбекова, «Қылқалам» үйірме тәрбиеленушілері «Менің Отаным - Қазақстан» сурет көрмесі, 7- сынып тәрбиешілері «Ұлы дала Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлері» тақырыбында саяхат-ойын ашық тәрбие сағаты, 8- сынып тәрбиешілері «Бір әннің тарихы», «Өлкетану» үйірмесінің жетекшісі С.А. Алпыспаева «Өңірдің тарихи-мәдени мұра объектілерінде мектеп оқушылары үшін «Өлкетану» бойынша тақырыптық сабақ өткізді. «Домбыра сазы» үйірмесінің жетекшісі Ж.Жәдігерұлы «Даламды күймен тербедім» Домбырашылар челленджі, «Дебат қозғалысы» жобасы аясында «Жаңа ұрпақ» дебат клубы «Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі», «Ұлттық тәрбие дегеніміз не?», «Ер жігіт екі сөйлемейді» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында пікір-сайыстар өткізілді. 10- сынып тәрбиешілері «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» ақпараттық сағат, Наурыз мерекесіне орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 7-8 сынып оқушылары арасында «Батаменен ел көгерер» атты байқауы өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылардың бойында еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі. «Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде А.Д. Ахат, К.М. Күспекова «Болашақ бүгіннен басталады» тәрбие сағаты, С.С. Шаяхметова «Мұндай мамандықтар бар» презентациялар байқауы, С.А. Алпыспаева «Ізденіс, еңбек, талпыныс-жетістік кілті» кездесу. «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы сынып жетекшілер мен тәрбиешілер экологиялық сынып сағаттарын, Мектеп Парламенті «Қоқыссыз әлем» науқанын, «Фотоохота» байқауын өткізді. А.А. Жахина, К.А. Атетова «Туған жердің – асыл қазынасы», «Қоршаған ортаны аялайық тәрбие сағаттарын өткізді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. Осы бағытты іске асырудың негізгі өткізілген іс-шаралар:Музейлерге, театрғаэкскурсиялар,«Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» байқау «Қош келдің, Жаңа Жыл-2022!» кеші, Алғыс айту күніне арналған «Ақ

жүрепкен» көркем жұмыстар көрмесі, 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем бесігін тербетін жан-АНА» мерекелік бағдарлама, 1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан» достық фестивалі.

Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы «Ұшқыр ойлы жұлдыздар», «Тәуелсіздік шежіресі», «Квест» зияткерлік сайыстар, «Лидер қандай болу керек?», «Лидерге қажетті қасиеттер мен қабілеттер» танымдық ойындар өткізді. Дебат клубы«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру шеңберінде ай сайын дебаттық турнирлер ұйымдастырылды.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты. Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері А.Мұратбекұлы, З.Рахат спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер,

7 сәуір –Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» денсаулық күнін,«Отбасылық эстафеталық ойындар», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды, Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!», «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» денсаулық сабақтарын, Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десең...» бюллетень сайысын өткізді.

5.2 Қосымша білім беру

Сыныптан тыс үйірме жұмыстары келесі бағыттарда жүзеге асырылды: көркемдік-эстетикалық, өлкетану, оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру және дене шынықтыру-сауықтыру. Үйірме жұмыстары оқушылардың зияткерлік қабілеттерін түзету мен дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға бағдарланды.

<https://www.instagram.com/reel/CofmYaovpKH/?igsh=MXI1bWV2dng0MHl3>

2021-2023 оқу жылындағы оқушылар үйірмелерге қатысуы

[illegible]

Медиа алаң	3	4	1	2	11	11	6	8	5	3
Жас тілші	5	5	3	2	7	8	5	5	2	3
Ұлттық қолөнер					8	8	7	5	4	4
Би	6	4	4	3	6	6	5	5	-	4
Қылқалам	8	9	7	8	4	6	4			
Театр және көркем сөз	9	9	7	5		2	3	3	4	2
Көшбасшылық мектебі					8	12	3	4	9	8

Спорттық секцияларға қатысуы

Үйірмелер атауы	Сыныптар											
	7а	7б	8а	8б	9а	9б	9в	10 а	10б	10в	11а	11б
Баскетбол	4	4	6	9	12	17	14	13	12	13	15	10
Волейбол	6	5	6	8	13	15	12	13	12	13	15	10
Теннис	3	5	3	4	12	12	7	6	5	7	5	5
Шахмат	3	4	4	4	3	4	6	4	5	2		
Ұлттық ойындар (тоғызқұмалақ, асық ату)	12	12	9	8	6	7	8	5	4	7		
Қазақша күрес					4	3	4	3	4	3		

Жалпы алғанда барлық секциялар мен үйірмелерге қатысатын барлық оқушылардың саны 100% оқушыны қамтып отыр. Әрине, бұл оқушылардың ішінде бір оқушының бірнеше секциялар мен үйірмелерге қатар баруы да байқалады. Бұны оқушыларымыздың спорттық секциялар мен үйірмелерге едәуір қызығушылық танытуының арқасы деп білген жөн. Сонымен қатар, мектебімізде секциялар мен үйірмелерден басқа «олимпиадалық резерв» дайындайтын мұғалімдердің және жоғары сынып оқушыларының жеке дара жұмыстары да өткізіледі. Бұл оқушылардың бос уақытының дұрыс қамтылуына тікелей әсер етері сөзсіз.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының тиімділігі

Мектеп-интернатында Мектеп Парламенті және «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан белсенді өзін-өзі басқару оқушылар ұйымы өз жұмысын атқарып келеді. Бұл ұйымның басқару жүйесін 7-11 сынып оқушылары ұйымдастырады.

Әрине, бұл ұйым тәрбие және оқу ісі бойынша атқаратын қызметіне зор көмегін тигізеді. Яғни мектеп ішіндегі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда, спорттық ойындарды ұйымдастыруда және өткізуде, сондай-ақ оқушыларды түрлі білім сайыстарына тарту және қатыстыруда біршама істерді жүзеге асырып жатады. Өзін-өзі басқару ұйымы «Жаңа ұрпақ» дебат, «Сырғалым» қыздар клубы және «Адал ұрпақ» еріктілер клубына басшылық жасайды.

Өзін-өзі басқару Мектеп Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының бірлескен жоспарына сәйкес мектепте ұжымдық шығармашылық істер, акциялар, десанттар, ойындар, КВН, дебаттар ұйымдастырылады. Барлық атқарылған істер жеке инстаграм парақшасында жарияланып отырады.

https://www.instagram.com/parliament_of_darynschool?e=ec4669da-7918-45e7-94f8-60f8301d0576&g=5

<https://www.instagram.com/reel/C0lTfm6MIfk/?igsh=MXEwa3hkN2ppczEzeg==>

5.3.2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жоспары негізінде атқарған тәрбие жұмысының нәтижелі қорытындысы

2023-2024 оқу жылында мектеп-интернатының тәрбие жұмысының жоспары Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылы 19 қыркүйек №294 бұйрығы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен үш құндылыққа негізделген тәрбие тұжырымдамасы негізінде құрылды.

<http://sc0026.kokshetau.aqmoedu.kz/content/trbie-ghmysyn-iske-asyru-trbie-ghmysyny-ghosparlary>

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

- ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- ✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- ✓ Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- ✓ Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- ✓ Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- ✓ Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- ✓ Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- ✓ Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- ✓ Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- ✓ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- ✓ Елінің тарихын құрметтейді
- ✓ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ұсыным

- ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- ✓ Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- ✓ Адал еңбекті құрметтеу;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- ✓ Халқына адал қызмет ету;
- ✓ Әдеп нормаларын ұстану;
- ✓ Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- ✓ Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- ✓ Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- ✓ Сыни және креативті ойлау;
- ✓ Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- ✓ Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- ✓ Физикалық белсенді болу;
- ✓ Салауатты өмір салтын ұстану;
- ✓ Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- ✓ Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- ✓ Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ұсыным

- ✓ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- ✓ Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әлауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету. Барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуда. Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ағымды жылда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттары мен іс-шаралар өткізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық киімді насихаттау және құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында мектеп оқушылары әр жұма сайын білім ордасына ұлттық киіммен келуді дәстүрге айналдырды.

<https://www.instagram.com/reel/C2rY5EFsQgD/?igsh=MXBpeWsx dmt5ejZiaA=>

1 қыркүйек - Білім күніне арналған мерекелік салтанатты жиыны өтті. Мектеп директоры А.Н. Курмашева мектеп ұжымын, ата-аналарды, 7- сынып оқушыларын құттықтап ізгі тілегін білдірді. Салтанатты жиынға Көкшетау ювеналдық полиция бөлімшесінің аға учаскелік

инспекторы полиция майоры Сауле Сарбасова Көкшетау қаласы ішкі істер іздестіру бөлімінің полиция майоры Азамат Оразбаев қатысты. С.С. Сарбасова оқушыларға құқықтық сауаттылық бойынша кеңес берді.

<https://www.instagram.com/p/Cwp9dGmM-xm/> «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында тәрбие сағаттары және білім алушылар «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық онлайн акциясына қатысты. Әлеуметтік желілерде «Менің мектебім!» тақырыбында бейнероликтер жарияланды.

Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» іс-шаралар жоспарына сәйкес «Мәңгілік еліміздің-мәңгілік тілі» дөңгелек үстел, «Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы» көркем сөз байқауы, «Туған құрмет-елге құрмет» челлендж және сайыстар өткізілді. Мектеп оқушылары 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған жалпықазақстандық диктант жазды.

<https://www.instagram.com/reel/CxM9jvqsPjr/?igsh=Y2JlYm9xN3ZoazB1>

<https://www.instagram.com/reel/CxDrNWRsOAT/?igsh=MXRpeHAxb3hkdWs3NA%3D%3D>

